

сыр шертеді. Ахико тәрізді жазықсыз жапа шеккен жандардың аман қалып, өсіп-өнуіне қазақ ұлтының игі-ықпалы мол болды. Өлім аузындағы Ахиконы бауырына басып, ел қатарына қосатын Ақтамақ – қазақ аналарының жиынтық бейнесі. Автордың осы кейіпкер арқылы қазақ халқының ұлттық болмысын жеткізуге тырысқаны байқалады. Қазақ жеріне күштеп қоныстандырылған диаспора өкілдерінің қазақ жеріне де, еліне де мәңгі қарыздар екені тарихтан мәлім. Жапондық Ахиконың атамекенін жерсінбей, «Ақтасыма жететін жер жоқ екен» деп, Қазақстанды мекендеп қалғаны білгілі. Автор бұл туындыда нақты детальдармен қазақ деген дархан халықтың ұлттық болмысын аша түскен.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған деректі фильмдер мен драмалық туындыларда Ахмет Байтұрсынұлы мен оның жары Бадрисафаның көркем бейнесі жан-жақты сомдалды. Авторлар бірін-бірі қайталамауға тырысып, өз туындыларын жаңа деректермен толықтыруға ден қойды. Осылайша қаламгерлер халқына адал қызмет еткен Алаш қайраткерінің сахнадағы көркем образын жасауға өз үлестерін қосып келеді. Алдағы уақытта да бұл қатар жаңа туындылармен толығыны дау туғызбайды. Өткен тарихымызды ұлықтауда, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде мұндай тарихи дүниелердің атқарар қызметі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Алашорда» деректі фильм 50 минуттық Шәкен Айманов атындағы кинофильм 2009 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=ls9JPN8Uxmc>.
2. «Алаш алыптары» Ахмет Байтұрсынов. 32 минуттық Қазақстан ұлттық арнасы 2013 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=3ebSwC10ixk>.
3. «Тайны и судьбы великих казахов» 52 минуттық Білім және мәдениет арнасы 2016 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=EKJJ4u8mH7Y>.
4. «Тұңғыштар» Ахмет Байтұрсынов 20 минуттық Мәдениет және білім арнасы 2014 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=C4Cwth6yzN0>.
5. «Өмір жолы». Ахмет Байтұрсынов 30 минуттық. Хабар агенттігі 2015 жыл // https://www.youtube.com/watch?v=b0Sen_y76yM.
6. Оразбаев И. Киелі күнә. Он үш томдық таңдамалы. Т.9. – Алматы, 2006. – 429 б.
7. Өтен А. Азаппен өткен – өмір-ай. Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.
8. Фелелова Л. Любовь и смерть Ак келін. Ахмет и Александра Байтурсыновы (история) // Источник – Костанайские новости. 3 июня 2010. – Постоянный адрес статьи - <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1278310020>.
9. Бектурганова Р. Любовь Ахмета Байтурсынова // <http://www.kazpravda.kz/news/kultura/lubov-ahmeta-baitursinova/>.

ӘОЖ 9(571) 333.16

<https://doi.org/10.53355/j5609-8809-3106-j>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ

Сантаева К.Т., әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, т.ғ.к.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университеті, Талдықорған қ

E-mail: samgat_aneka@mail.ru

Мақалада Алаш зиялыларының үніне айналған "Қазақ" газетінің шығу тарихына ондағы ұлттың рухани көсемі болған А.Байтұрсыновтың "Қазақ" газетін шығарудағы қызметіне тоқталған.

Тірек сөздер: қазақ, газет, алаш, тарих, большевик, қазақ зиялылары.

В статье рассказывается о деятельности А. Байтурсынова, духовного лидера нации, в издании газеты "Қазақ", ставшей основой алашской интеллигенции.

Ключевые слова: *Казах, газета, алаш, история, большевик, казахская интеллигенция.*

The article describes the activities of A. Baitursynov, the spiritual leader of the nation, in the publication of the newspaper "Kazakh", which became the basis of the Alash intelligentsia.

Keywords: *Kazakh, newspaper, Alash, history, Bolshevik, Kazakh intelligentsia.*

Алаш зиялыларының үніне айналған «Қазақ» газетінің жарық көргеніне – бір ғасырдан астам уақыт болды. 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен шығып тұрған «Қазақ» газеті кеңестік тарихнамада объективті ғылыми бағасын ала алмады. Себебі «Қазақ» газетінің шығуы тарихы қазақ зиялыларының тағдырымен тікелей байланысты еді. Кеңестік тарихнамада ұлт зиялыларының бұл тарихи кезеңдегі қызметі буржуазиялық ұлтшылдықтың көрнісі есебінде бағаланса, олардың қолынан шыққан басылымдардың жеңіл түрде буржуазиялық – ұлтшылдық бағыттағы басылым ретінде бағаланды. Сондықтан да, "Қазақ" газетінің жарық көргеніне бір ғасыр уақыт өткенде оның шығу тарихын осы газетті шығаруда А.Байтұрсынұлының ролін зерделеу өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда «Қазақ» газетінің материалдары тарихшы ғалымдар үшін екі тұрғыдан құнды. Біріншіден, газет материалдары ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылдарындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үрдістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. Демек, отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы ұлт зиялылары жүргізген азапты күрестің негізгі идеялық бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ» материалдарынсыз мейілінше тура түсіну, әрине, мүмкін емес», – дейді [1] белгілі тарихшы М.Қ.Қойгелдиев. «Қазақ» газеті осыдан бір ғасыр бұрын, яғни 1913 жылдың 2 ақпан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылға дейін одан кейін екі рет шығып тұрған. Бірінші редакторы қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, екінші редакторы белгілі ғалым, қоғам қайраткері М.Дулатұлы, бастырушы «Азамат» серіктігі болған. Құсайынов, Кәрімов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков болған. 1918 жылдың 16 қыркүйегіне дейін, «Қазақ» газетінің 265 нөмірі жарық көрген [2]. Басылымда А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Шоқай, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалиев, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.

«Қазақ» газеттің шығуы ұлттың даму тарихының заңдылығы әрі қажеттілік еді. ХХ ғасыр басында қазақ халқының тарихи тағдыры ауыр жағдайда қалды. Бірінші, Ресей империясының пәрменді отарлау саясаты, екінші, ортағасырлық мешеуліктен арыла қоймаған, ескі, күні өткен феодалдық қатынас қатар қыспағына алған ұлтымыздың болашағына үлкен қауіп төнді. Осындай «тар жол, тайғақ кешуге» тап болып, халқымыздың тағдыры тығырыққа тірелген тарихи кезеңде азаттық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық интеллигенцияның араласа бастауы заңдылық та болатын. Олардың бірі А.Байтұрсынұлының «Маса» болып шағып, екіншісі М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» деп жар салып, қалың ұйқыда жатқан елін оятып, көкірек көзін ашуға, етек-жеңін жиғыза, өз қам-қарекетін өзіне жегізуге үн тастап, дабыл қақпаса амалдары қалмады. Сонымен ғана шектелмей, «Заманына қарай амалы» деп «сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі – газет», – деп білген қазақ зиялылары жалпы ұлттық басылым шығару идеясын жүзеге асыруға ұмтылған.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы бірінші нөмірінде қазақ халқына газеттің керегі қандай екендігін айтып өттеді. Онда әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұртқа басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды. ... екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәңгісі жұрттың білімді, пікірлі, көрегені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұрттың» деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады[2,106.] деп қазақ зиялылары ұлтына қызмет етуге ниет етті.

«Қазақ» газеті неге басқа қалада емес Орынборда шықты? Оған бірнеше себеп болды. Бірінші, Орынбор ХХ ғасырдың басында орта Еділ сағасымен Орал өңірінде Қазаннан кейінгі мәніндегі ірі саяси, сауда және мәдени орталыққа айналған болатын. Шығыс пен оңтүстікке тереңдеп енуді көздеген патша үкіметі, бұл мақсатта Орынбор татарларының көрші түркі тілдес халықтармен тіл және дін жағынан жақындығын өз мүдесіне пайдаланғысы келді және сол үшін оларға бір сыпыра еркіндіктер де берді. Екіншіден, белгілі бір жүйеге түскен, дамыған баспа мәдениеті бар Орынбор қаласы қазақ демократиялық зиялы қауым өкілдеріне газет шығару үшін өте тиімді орын болатын [1,182 б.]. Ә.Бөкейханұлы және А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары газет шығару ісін 1905 жылдан бастап қолға алған. Бүгінде осы мәселені жан-жақты зерттеген т.ғ.д., профессор Қ Атабаев өз еңбектерінде ««Қазақ» газеті 1907 жылдың наурыз айында жарық көрді» дейді [3-4]. Бірақ, 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін қалыптасқан саяси жағдай Ә.Бөкейханұлы мен А.Байтұрсынұлының қазақ даласында газет шығару мүмкіншілігінен біржола айырған еді. Оған себеп, Ә.Бөкейханұлы шамамен 1909 жылы Самара қаласына жер аударылады, ал 1910 жылы «Қазақ» газетінің болашақ редакторы А.Байтұрсынұлына Ішкі істер министрі екі жылға Қазақстанда тұруға тыйым салған Жарлығы шыққан соң, өз еркімен Орынбор қаласында тұруға мүмкіндік алады. Орынборға 1910 жылы 10 наурызда келіп, көп ұзамай еркін жалданушы есебінде Торғай-Орал переселен париясына 60 сомдық айлықпен кеңсе ісін жүргізуші болып орналасады. Осы жерде шамамен екі жарым жылдан астам уақыт қызмет атқарады. А.Байтұрсынұлы үкімет орындарынан «Қазақ» газетін шығаруға ресми рұқсат алып, алғашқы санын шығаруға дайындалып жатқанда 1912 жылы 12 желтоқсанда Семейдегі абақтыдан жаңа ғана босанған М.Дулатұлы Орынборға келеді [5].

«Қазақ» газетінің шығу тарихын жан-жақты зерттеген ғалым т.ғ.д. профессор М.Қойгелдиев өз зертеулерінде «өкінішке қарай, А.Байтұрсынұлының тиісті өкімет орындарынан «Қазақ» газетін шығаруға рұқсат сұрап жазған ресми өтініштері бізге әзір белгісіз, бірақ олардың сақталғандығы еш күмән туғызбайды» дейді [1, 186 б.]. «Қазақ» газеті, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлының үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді. Оған дәлел «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік. Милләт халын ойымызға алып қызмет етуді мойнымызға алып, арнаған бір ісіміз. Құдай сәтін салсын, «әумин» деп қол жайып, «әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік!» – деп жазды.

Белгілі ғалым т.ғ.д., профессор Т.Омарбеков өз еңбектерінде: «Қазақ» газетіндегі белсенді қызмет А.Байтұрсынұлын қазақ халқының рухани көсемі деңгейіне көтерді» деп

бағалайды [5,351б.]. Алаш зиялыларының ой-арманы, идеясы «Қазақ» газетінің эмблемасында да бейнеленді. Ол жайында 1918 жылғы 258-санында жарияланған «Орда гербі (таңбасы)» деген мақаласында Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінің басында тұрған көшпелі халыққа тән қазақ үй суреті мынадай мағыналарды береді: «Киіз үй – киіз туырлықты қазақ халқы. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: түндік жарық кіретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Еуропа жағында күшті болған себепті қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын деген мағына еді. Үйдің есігі «Қазақ» деген сөзден жасалған. Ондағы мағына «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын, әрі жат жұрт жағынан күзетшісі болсын делінген еді. Қазаққа деген игілікті нәрсені енгізу жолында газет қызмет етсін, сырттан келетін жамандық болса, күзетші орнында газет қызмет қылсын делінген еді» [2,423 б.].

«Қазақ» газетінің алдына қойған мақсат тілегі не еді?. Сол кездегі өкімет орындарының түсінігі бойынша, «Қазақ» ең алдымен, самодержавиелік биліктің ішкі және сыртқы саясатын, дала өміріне қатысты қаулы-қарарларын қазақ еліне жеткізіп, оларға билік тұрғысынан түсінік беруге тиіс еді. Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығатын «Қазақ» газетін төмендегі бағдарламамен шығарып тұруға рұқсат берілгендігі жазылған: 1. Үкіметтің бұйрық-жарлықтары.2. Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы.3. Ішкі және сыртқы хабарлар.4.Қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы. 5.Этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері.6. Экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы. 7.Халық ағарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері. 8. Тазалық, денсаулық және мал дәрігерлігі жайы. 9. Фельетондар. 10. Корреспонденциялар мен жедел-хаттар.11. Жергілікті хроника. 12. Суреттер. 13.Почталар (хаттар). 14. Құлақтандырулар [2,446 б.].

Ал қазақ зиялыларының алдына қойған мақсаты – ортағасырлық мешеу феодалдық тәртіптер құрсауында жатқан қазақ қоғамын ояту, оны қараңғылық пен ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. «Қазақ» газеті жалпыұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті. Бұл жолда күресу, «Қазақ» газетін шығару қазақ зиялыларына оңайға түскен жоқ. Оған дәлел мұрағат деректерімен танысу барысында газеттің әр мақаласы қандай қиындықтармен жарыққа шыққанын көруге болады. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 78-санында басылған «Алашқа», 79-санында басылған «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақалада патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат бар, отаршыл саясатқа қарсылық білдірген деген желеумен редактор А.Байтұрсынұлын екі жылға жер аудару туралы үкім шығарады. Газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған «Бұ қалай?» деген мақала үшін 50 сом айып немесе 2 ай түрмеге кесілген. Газеттің 1914 жылғы 80-санында басылған «Закон жобасының баяндамасы» деген мақала үшін Орынбор генерал губернаторы А.Байтұрсынұлына 1500 сом айып салуға немесе үш ай түрмеге жабуға үкім еткен [2,447 б.]. Міне қазақ елім, ұлтым деп еңіреген аяулы азаматтың тағдыры осындай еді. «Қазақ» газетінің таралымы мол әрі таралым аймағының кең болуы да оның құндылығын арттыра түседі. Бұл жөнінде газеттің 1914 жылғы 9 қаңтардағы 45-нөмірінде мынандай дерек жарияланған: «Қазақ» газетасын 10 облысқа қараған киіз туырлықты қазақ байдың баласынан 1913 жылдың ішінде алдырып тұрғандардың есебі мынау: Торғай – 694, Семей – 612, Ақмола – 584, Сырдария – 327, Орал – 301, Жетісу – 157, Ішкі ордалық – 136, Ферғана – 30, Самарқан – 8, Закаспий – 5, өзге жерлерден: Оренбург шаһары – 37, Уфа – 14, Қазан – 13, Қытай қазағы – 10, Петербург – 9, Түркия – 5, Мәскеу – 3, Томск – 3 һәм басқа шаһарлар – 57, Бәрі 3007» [2,82 б.]. Міне «Қазақ» газеті қазақ даласын ғана түгел шарлап қоймай, шетелге де тарағанын көреміз. Бұл – алғашқы жылғы көрсеткіші. 1915 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс ауыртпалығына байланысты бір жарым мыңға дейін кемігенімен, соңғы екі жылында, яғни 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін, қайтадан күрт өсіп, өзінің шарықтау шегіне жеткен. Бұл жайында Міржақып Дулатовтың: «Жабылуының алдында

газеттің өз типографиясы, қағаз қоры, шағын кітапханасы болды, таралымы 8 мыңнан асты», – деп еске алуы – соның дәлелі [6-7].

Қорыта айтқанда XX ғасыр басында қазақ қоғамдық ойының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан газеттің бағыт-бағдарын жан-жақты зерттеген, ғалым, тарихшылар, "ұлттық мәселе тұрғысынан әзірге дейін "Қазақ" газетіне жеткен басылым жоқ" деп баға беруде. Себебі бұл басылым көтерген мәселе, әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Оны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Ия, Ахмет Байтұрсынов басқарған «Қазақ» газеті, міне осындай еді!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: 2017. – 480б.
2. «Қазақ» құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы: 1998. – 556б.
3. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі (1870-1918). – Алматы: 2000. – 358 б.
4. Атабаев Қ. Деректану. Алматы: – 2007. – 261 б.
5. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: – 2004. – 388б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995. 256б.
7. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. Алматы, 2007. 370 б.

УДК 378.147

<https://doi.org/10.53355/d0838-5016-4487-s>

ОСОБЕННОСТИ ИНФОРМАТИВНОГО ПЕРЕВОДА ТЕКСТОВ ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО СТИЛЯ

Син А., студент 4-го курса высшей школы гуманитарных наук
Ғылыми жетекші: Машанова С.М., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г.Талдықорған

E-mail: sasha.sin@inbox.ru

В данной статье исследованы основные особенности перевода текстов официально-делового стиля с английского на русский язык. Определены характерные черты английского делового стиля, выявлены грамматические особенности их перевода на русский язык.

Ключевые слова: деловой стиль, информативный перевод, офисная документация, языковые средства, терминология, речевой штамп, устный перевод, письменный перевод

Бұл мақалада ресми іскерлік стильдегі мәтіндерді ағылшын тілінен орыс тіліне аударудың негізгі ерекшеліктері қарастырылған. Ағылшын тіліндегі іскерлік стилінің өзіне тән ерекшеліктері анықталған, олардың орыс тіліне аударудағы грамматикалық айырмашылықтары көрсетілген.

Тірек сөздер: іскерлік стиль, ақпараттық аударма, офистік құжаттама, тілдік құралдар, терминология, сөйлеу мөртабаны, ауызша аударма, жазбаша аударма

This article examines the main features of the translation of official-business style texts from English into Russian. The characteristic features of the English business style are determined, grammatical features of their translation into Russian are revealed.

Key words: business style, informative translation, office documentation, language tools, terminology, speech stamp, interpretation, written translation